



студенттері туралы мәліметтер талдау жасау мақсатында оқу бөлімінде жинақталады.

12. Емтихан сессиясына дәлелді себептермен келмеген студенттер үшін тапсыру мерзімі оқу бөлімінің келісімі бойынша ұзартылады.

13. Сессия нәтижелері бойынша емтихан кезінде анықталған кемшіліктерді талдайтын «Тиісті оқу жылының ағымдағы сессиясының нәтижелері туралы» және «Сырттай оқитын студенттердің ағымдағы емтихан сессиясының нәтижелері туралы» бұйрықтар шығарылып, оларды болдырмау іс-шаралары белгіленеді.

14. Сессияларға қойылатын негізгі талаптар:

14.1. «Тиісті оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы» бұйрықта көрсетілген емтихандарды өткізу технологиясын сақтау.

14.2 Студенттердің жазбаша жұмысы мен жауап парақтары сынақ кітапшасының номеріне сәйкес шифрланғауы керек

14.3.Сынақ билеттері нөмірленіп, жауап парақтарына мөр басылып, қол қойылуы керек,

14.4. Оқу бөлімі «Білім беру процесін ұйымдастыру, тиісті оқу жылында аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы» бұйрыққа Білім және ғылым министрлігінің соңғы ережелеріне сәйкес модульдік білім беру бағдарламалары бойынша өзгерістер енгізеді.

15. ПЦК-ның төрағалары «Студенттердің білімін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары туралы» мәселе бойынша колледж директорының бұйрықтарын талқылау мақсатында комиссия отырыстарын өткізеді және директорға хаттамадан үзінді ұсынады.

16. Жекелеген пәндерден үлгірмеушілер туралы мәлімет жазбаша үлгіде дайындалады, ата-аналарға таныстырылады, сөйтіп, оқу бөліміне ұсынылады.

17. ПЦК төрағалары емтихан материалдарының пән бойынша өңделуін қамтамасыз етеді және ағымдағы оқу жылының тиісті семестрінде оқу процесін ұйымдастыру және келесі емтихан сессиясына дайындық жөніндегі комиссия отырыстарында бекітеді;

18. Оқу бөлімі мен ПЦК қосымша және қайталама оқу, сабаққа қатысу және академиялық қарызы бар студенттерге бақылау тапсырмаларын орындау пәндері бойынша консультация беруге жауапты.